

- 2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден

өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің қызметіне инспекция (тексеру) жүргізуіне қойылатын негізгі талаптар туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі
N 114 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі
банктердің қызметіне инспекция (тексеру) жүргізуіне
қойылатын негізгі талаптар туралы
ереже**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің қызметіне инспекция (тексеру) жүргізу және оның нәтижелерін ресімдеу тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банктердің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, олардың депозиторларының мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында Ұлттық Банк банктердің қызметіне бақылауды, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) қызметіне инспекция (тексеру) жүргізу жолымен жүзеге асырады.

Банк қызметіне инспекция (тексеру) (бұдан әрі - инспекция) банк қызметін жалпы алғанда немесе жеке мәселелері бойынша Ұлттық Банкке ұсынылатын есептер мен мәліметтер деректерінің сенімділігін талдау жолымен оның нақты қаржы және институционалды жағдайын айқындау, сондай-ақ органның, банктің басшылық ететін қызметкерлердің немесе жай қызметкерлерінің іс-әрекетінің (шешімдерінің) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

2. Инспекцияны банктік қадағалауды (бұдан әрі - банктік қадағалау бөлімшесі) жүзеге асыратын Ұлттық Банк бөлімшесінің өзі немесе Ұлттық Банктің басқа

бөлімшелерінің мамандарын қатыстыра отырып жүргізеді.

Қажетті жағдайда банктік қадағалау бөлімшесі банктердің филиалдарына, сондай-ақ осы Ереженің 4-тармағына сәйкес банктерге таңдау бойынша инспекция жүргізу өкілеттігін Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарына жүктеуге қ ұ қ ы л ы .

3. Инспекция Ұлттық Банктің тапсырмасында көрсетілген мәселелер бойынша және мерзімде жүргізіледі. Осы Ережеге сәйкес инспекция нәтижелері б о й ы н ш а е с е п ж а с а л а д ы .

4. Ұлттық Банктің тапсырмасында көрсетілген мәселелердің мазмұнына байланысты инспекциялардың мынадай түрлері болады:

1) к е ш е н д і ;

2) т а ң д а у б о й ы н ш а .

Кешенді инспекция - банктің қызметін тексеру және оның нәтижелері бойынша банктің қаржы және институционалды жағдайына жалпы баға беріледі. Сонымен бірге, тексеруге жататын активтердің көлемі банк активтерінің көлемінің 80%-нен кем емес болуы тиіс.

Таңдау бойынша инспекция - банктің қаржы және институционалды жағдайын қарастыратын жеке мәселелер бойынша оның қызметін тексеру.

2-тарау. Инспекцияға дайындық

5. Банкте инспекция жүргізу үшін тексерілуге жататын оны жүргізу мерзімі, мақсаттары, мәселелері мен банктің қызмет мерзімі көрсетілген инспекция жүргізу тапсырмасы жасалады және оны банктік қадағалау бөлімшесінің б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

Инспекция жүргізу тапсырмасын дайындаған кезде Ұлттық Банк банктің қаржы және институционалды жағдайын бағалау үшін банктен кез-келген қажетті ақпаратты алдын ала талап етуге құқылы.

6. Ұлттық Банк инспекторлар тексеру орнына келгеннен бастап банк беруге тиіс негізгі тексерілетін мәселелер мен құжаттарды көрсете отырып банкке оған инспекция жүргізілетіні жөнінде хабарлама жіберуге құқылы. Инспекция алдын ала хабарламай-ақ жасалуы мүмкін.

7. Банкті тексеру бойынша инспекторлар тобының басшысы жұмыс жоспарын, ал қажет жағдайда оның мүшелері арасында нақты міндеттерді бөлуді айқындайды.

3. Инспекция жүргізу

8. Банктік қадағалау бөлімшесі басшысының келісімімен және инспекторлар тобы басшысының өтініші негізінде инспекция жүргізу тапсырмасында көрсетілген мәселелердің тізілімі инспекция мерзімінің ұзартылуымен біруақытта толықтырылуы мүмкін.

9. Инспекция жүргізу барысында банктің қаржы және институционалды

жағдайын бағалау мәселелері бойынша инспекторлық топ және банк қызметкерлері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, инспекторлық топ басшысының пікірі басым болып табылады.

10. Банкте таңдау бойынша инспекция жүргізу кезінде Ұлттық Банктің инспекция жүргізу тапсырмасында көрсетілген жеке мәселелер тексеріледі.

11. Банк болып өткен инспекция барысында анықталған құқық бұзуды жою бойынша іс-шараларды орындау мәселелері жөнінде таңдау бойынша инспекцияны жүргізу кезінде инспекторлар банктің оларды жою жөніндегі нақты іс-шараларына және банк қызметінің тиісті бағыттарының ағымдағы жағдайына т а л д а у жү р г і з у г е т и і с .

12. Банк инспекция жүргізу уақытына инспекторлық топқа банктің ақпарат жүйелеріне еркін кіруді, бірінші талап бойынша қағазда және электрондық тасымалдаушыларда кез-келген қажетті құжаттарды (мәліметтерді) беруді, сондай-ақ инспекция жүргізу жөніндегі есепке қосу үшін олардың көшірмесін беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен қатар, банк инспекторлық топқа банктің кез-келген қызметкерін, оның ішінде басшы қызметкерлерін жазбаша немесе ауызша сұрауына мүмкіндік беруге тиіс және олар өткізіліп жатқан инспекция жайлы мәселелер жөнінде (жазбаша түсініктемелер), олардың қызмет міндеттерімен банктің қызметі жөнінде түсініктемелер беруге міндетті.

13. Банк инспекция жүргізу мерзіміне инспекторлық топқа өз үй-жайында оған еркін кіру мүмкіншілігі бар, оның ішінде қажетті жағдайда демалыс күндері жеке бөлме беруге міндетті. Сонымен бірге, инспекция жүргізу тапсырмасында көрсетілген әрбір инспектор жеке жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі тиіс.

14. Инспекторлар инспекция жүргізу кезінде алынған құжаттардың (ақпараттың) сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

4-тарау. Инспекция нәтижелерін ресімдеу

15. Инспекция кезінде банктің қолданылып жүрген заңнаманы бұзғандығы анықталған жағдайда, Ұлттық Банк инспекция аяқталғанға дейін банкке қатысты шектеу шараларын және қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес санкциялар қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

16. Ұлттық Банк тиісті түрде ресімделген инспекторлық тексеруді жүргізу жөніндегі есепті (бұдан әрі - есеп) банкке инспекторлық тексеру аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей ілеспе хатпен қоса жібереді.

Есеп мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) жасалған күні және орны;

2) инспекторлардың аты-жөні және лауазымдары;

3) тексеру объектісі (банктің немесе оның бөлімшесінің атауы, оның ұйымдастыру - құқықтық нысаны, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу деректері

, Ұлттық Банктің банк операцияларын жүргізуге берген лицензияның номері және күні);

4) инспекция жүргізу тапсырмасының номері және күні;

5) инспекция пәні, қызмет мерзімі, инспекция жүргізілген, тапсырмада көрсетілген мәселелер.

17. Банк есепті қарауға тиіс және қарсылық болған жағдайда, есепті алу күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оларды Ұлттық Банкке ұсынады.

18. Банктің есепке қарсылықтарын алғаннан кейін Ұлттық Банкте банк басшылығының қатысуымен жиналыс өткізіледі.

19. Банк тарапынан қарсылықтар болмаған жағдайда инспекция нәтижелері банктің өкілдерін шақырмастан қаралады.

20. Ұлттық Банкте өткен жиналысты ескере отырып жасалған есептің екі данасы танысу үшін банк Басқармасының Төрағасына жіберіледі, ол бір данасына қол қойып екі жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жіберуге тиіс. Сонымен бірге, екінші данасы банкте қалады.

21. Банк Басқармасының Төрағасы есепке қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сондай-ақ есепте оның қолы болмаған басқа жағдайларда, мұндай есеп банкке жүргізілген инспекцияның нәтижелерін бекітетін түпкілікті және тиісті түрде ресімделген құжат болып табылады.

22. Ұлттық Банк жиналыс нәтижелері бойынша және есептің деректері негізінде банкке қатысты шектеу шараларын және қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес санкциялар қолдануға құқылы және бұл іс-шаралар жөнінде банк он банктік күн ішінде хабар алады.

23. Ұлттық Банктің хатын алғаннан кейін және онда тиісті нұсқаулар бар болған жағдайда, банк хатта көрсетілген мерзімде, оның ішінде инспекция барысында анықталған Қазақстан Республикасының банктік заңнамасын бұзуды жою бөлігінде инспекция нәтижелері бойынша Ұлттық Банктің талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралардың кестесін келісу үшін банктік қадағалау бөлімшесіне ұсынуға міндетті. Есепте көрсетілген барлық бұзуларды толық жойғанға дейін банк ай сайын банктік қадағалау бөлімшесіне тиісті іс-шараларды жүргізу жөніндегі ақпаратты ұсынады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

24. Инспекция жүргізуге қатысатын адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік немесе коммерциялық құпияны жариялағаны үшін жауап береді.

25. Осы Ереже реттемеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында айқындаған тәртіппен шешіледі.

Ұлттық Банк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК